

**"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің "Консулдық заңдастыру Ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қарашадағы N 264 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 08-1/262 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 12 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4418 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 06.12.2017 № 11-1-2/576 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1 . Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің "Консулдық заңдастыру ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қарашадағы N 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 1350 тіркелген, 2001 жылғы N 2 "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде" жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Консулдық заңдастыру ережелерінде:

барлық мәтін бойынша "консулдық мекемелер", "консулдық мекемелерде", "консулдық мекемелермен", "консулдық мекемеде", "шет елде" деген сөздер тиісінше "шет елдік мекемелер", "шет елдердегі мекемелерде", "шет елдердегі мекемелермен", "шетелдегі мекемелер", "шет елде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацта "Консулдық заңдастыру" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - заңдастыру)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта "Консулдық" деген сөз алып тасталсын;

2, 3 және 5-тармақтарда "консулдық заңдастыру" деген сөздер "заңдастыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "консулдық заңдастыру" деген сөздер "заңдастыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

келесі мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Егер қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, құжаттар мен актілер заңдастыруға жатпайды.";

9 бен 10-тармақтарда "заңдарына" деген сөз "заңнамасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі" деген сөздер "Консулдық қызмет департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

16 тармақтағы "өкілдіктерде" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасында тіркелген консулдық мекемелерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Консулдың құжаттың немесе актінің аудармасын нотариалдық куәландыруы оның заңдастырылуына теңестірілмейді.";

25-тармақта "осы Нұсқаудың" деген сөздер "осы Ережелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Консулдық қызмет департаменті және шет елдердегі мекемелері заңдастырудан өткен құжаттарды есепке алу бойынша реестрлерді жүргізеді (3-Қосымша)."

27-тармақта "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісуімен бекіткен Қазақстан Республикасының Консулдық алымдар тарифімен белгіленген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-тармақтағы "7-тармақта" деген сөздер "7 және 7-1 тармақтарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

Осы Ережеге 1, 2-Қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

3-Қосымшада:

"3-Қосымша" деген сөздерден кейін "Консулдық заңдастыру Ережелеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын: "Заңдастырудан өткен құжаттарды есепке алу жөніндегі реестр".

2. Консулдық қызмет департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын және мемлекеттік тіркеуден кейін оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2006 жылғы 7 қыркүйектегі  
N 08-1/262 бұйрығына  
1-Қосымша  
Консулдық заңдастыру  
ережелеріне  
1-Қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі  
Консулдық қызмет департаментінің  
заңдастыру жазуының үлгісі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінде заңдастырылды.

This document is legalized in Department of Consular Service of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan.

Бөлім бастығы  
Head of the section \_\_\_\_\_  
қолы/signature

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2006 жылғы 7 қыркүйектегі  
N 08-1/262 бұйрығына  
2-Қосымша  
Консулдық заңдастыру  
ережелеріне  
2-Қосымша

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің  
заңдастыру жазуының үлгісі  
Осы құжат/document is

\_\_\_\_\_ заңдастырылды/legalized

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің атауы/  
the name of the embassy of the Republic of Kazakhstan.

Консул/consul \_\_\_\_\_  
қызметтік тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты/

\_\_\_\_\_

the of duties person

\_\_\_\_\_

қолы/signature

